

Сандықтау ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйакының мөлшерін айқындау туралы

## *Күшін жойған*

Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 21 маусымдағы № А-6/161 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 11 шілдеде № 6723 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 3 қыркүйектегі № А-8/271 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің  
03.09.2019 № A-8/271 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)  
қ а у л ы с ы м е н .

## РҚАО - наң ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 3-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Сандықтау ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Сандықтау ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Г.Е.Қадыроваға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

## *Сандықтау ауданының әкімі*

А.Исмагамбетов

## "КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының Ішкі істер департаменті Сандықтау ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

Д.Жапаров

"21" 06 2018 жыл

Сандықтау ауданы әкімдігінің  
2018 жылғы "21" маусымдағы

**Сандықтау ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері**

### **1-тaraу. Көтермелебудің түрлері**

1. Сандықтау ауданы әкімінің алғыс хаты.
2. Ақшалай сыйақы.

### **2-тaraу. Көтермелебудің тәртібі**

3. Осы тәртіп Сандықтау ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебуді ұйымдастырудың мәселелерін реттейді.
4. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебу мәселелерін Сандықтау ауданы әкімдігінің қаулысымен құрылған комиссия ( бұдан әрі – комиссия) қарайды.

5. "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының Ішкі істер департаменті Сандықтау ауданының ішкі істер бөлімі" (бұдан әрі – ПБ) мемлекеттік мекемесімен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелебу туралы ұсыныс комиссияның қарауына енгізіледі.

6. Комиссиямен қабылданған хаттамалық шешім көтермелебу үшін негіз болып табылады.

7. Ақшалай сыйақыны төлеу ПБ облыстық бюджет есебінен жүргізіледі.

8. Ақшалай сыйақыны төлеу үшін ПБ бастығының комиссия қабылдаған шешіміне сәйкес қосымша бүйреки шығарылады.

9. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға ақшалай сыйақыны беру, Сандықтау ауданы әкімінің алғыс хатын табыстау ПБ салтанатты жиынында жүзеге асырылады.

### **3-тaraу. Ақшалай сыйақының мөлшері**

10. Ақшалай сыйақы мөлшерін қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін, сонымен қатар онымен немесе оның қатысуымен құқыққа қарсы әрекет нәтижесінде келтірілуі мүмкін залалдың алдын алған көлемін есепке ала отырып, ақшалай сыйақының мөлшері комиссиямен белгіленеді және 20 еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК